Басқа өндірушілердің буындары мен бөлшектерін қолдану өндірушінің осы салдардың нәтижесінде пайда болған жауапкершіліктен бас тартуына әкелуі мүмкін.

1.9 Пайдаланудың жол берілмейтін режимдері

Жеткізілетін жабдықты сенімді пайдалануға тек «Қолданылу аясы» бөліміне сәйкес функционалдық мақсатқа сәйкес қолданған жағдайда ғана кепілдік беріледі. Техникалық сипаттамаларда көрсетілген шекті мүмкіндік мәндер барлық жағдайларда міндетті түрде сақталуы тиіс.

2. Тасымалдау және сақтау

Жабдықты жабық вагондарда, жабық машиналарда, әуе, өзен не болмаса теңіз көлігімен тасымалдаған жөн.

Механикалық факторлардың әсерлері бөлігіндегі жабдықты тасымалдау шарттары 23216 Мемстандарты бойынша «С» тобына сәйкес келуі тиіс.

Тасымалдаған кезде, жабдық өздігінен жылжып кетуді болдырмау мақсатында көлік құралдарына мықтап бекітілуі тиіс.

Сақтау шарттары 15150 Мемстандарттың «С» тобына сәйкес келуі тиіс.

Мейлінше көп тағайындалған сақтау мерзімі 2 жыл.

Сақтау мен тасымалдаудың температурасы: төмені. -40°C ; ең жоғарғы. $+70^{\circ}\text{C}$.

3. Құжаттағы символдар мен жазбалардың мәні



Ескертпе

Осы нұсқаулықтағы талаптарды орындамау адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті салдарларға ұшыратады.



Ескертпе

Осы нұсқаулықтағы талаптарды орындамау адамдардың өмірі мен денсаулығы электр тогы үшін қауіпті салдарларға ұшыратады.

Назар
аударыңыз

Орындалмауы құрылғының жұмыс істемеуіне, сонымен қатар ақаулануына алып келетін қауіпсіздік техникалары бойынша нұсқаулар.

Нұсқау

Жұмысты жеңілдететін және құрылғыны қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін ұсыныстар мен нұсқаулар.

4. Бұйым туралы жалпы мәлімет

Осы Нұсқаулық 100 UP, 100 UPS, 100 UPSD, UPSO, SOLAR сорғы қондырмаларына таратылады.

Құрылымы

UP (S, SD,SO)/SOLAR герметикалық гильза статорына оқшауланған роторлы сорғы болып табылады, яғни сорғы мен электр қозғалтқышы небары екі тығыздау төсемін ғана қолданатын білікті тығыздаусыз біртұтас торап түзеді. Мойынтіректер аударып қотару сұйықтығымен майланады.

Бұл сорғылардың құрылымы:

- керамикадан жасалған радиалды мойынтіректер;
- графитті тіректік мойынтірегі;
- тот баспайтын болаттан жасалған ротордың қорғаныш гильзасы және мойынтірек ернемегі;
- тоттануға бекем композиттен жасалған жұмыс дөңгелегі;
- шойыннан (SOLAR үшін - катафорез әдісімен салынған төсемді шойыннан салынған), композит немесе тот баспайтын болаттан жасалған сорғы корпусы.

UP (S, SD,SO)/SOLAR сорғыларының кесігі *1-қосымшада* келтірілген.

Электр қозғалтқышы

UP (S, SD,SO)/SOLAR сорғылары 2 немесе 4 полюсті асинхронды қысқа тұйықталған электр қозғалтқыштарымен жабдықталған.

Бір фазалы желіге арналған сорғылар электр қозғалтқышының бір немесе үш жылдамдықты орындалымымен жеткізіледі.

Клеммалық қорап жеңіл ашылады және кабельді қосуға арналған қысқыштармен жабдықталған. Кабельді енгізілімнің тығыздағышы және кабельді тарту компенсаторы бар. Бір фазалы электр қозғалтқыштарының кабельді енгізілімі монтаждауды жеңілдету үшін бағытталған тығыннан сыртқа жылжи алады.

Байланыстырғыш кабельдер үшін функционалды клеммалармен жабдықталған клеммалық қорапқа жеңіл қолжетімділік.

Кабельді дұрыс қосуды қамтамасыз ету мақсатында клеммалық қораптардың орналасуының әр түрлі нұсқалары қарастырылған. Оқшаулау сыныбы: F/H. Кабельді қосылым: 5,6-ден 10 мм дейін кабельдер үшін Pg 11.

Электр қозғалтқышы күйіп кетуден қорғайтын қорғанышпен жабдықталған, сондықтан электр қозғалтқышының сыртқы қорғанышын алдын ала қарастырудың қажеттілігі жоқ.

Фирмалық тақта

Сорғылардың фирмалық тақтасы 2-қосымшада көрсетілген.

Типтік мәні

Мысалы	UP	S	D	40	-40	F
Типтік қатар						
Орындалым:						
S: бекітілген жылдамдықпен						
D: қосарлы сорғылы агрегат						
O: тез монтаждау мен қазандық жабдығын өндіруші топтарының қолдануы үшін сорғының арнайы орындалымы						
Сорып алатын және қысымды келте құбырдың номиналды диаметрі (DN), [мм]						
Мейлінше жоғары қысым [дм]						
Құбырлық қосылым:						
= құбырлы бұранда (егер әріптік мәні болмаса)						
F = ернеметкі қосылым						
Сорғы корпусы:						
= шойын (егер әріптік мәні болмаса)						
N = тот баспайтын болат						
A = сорғы корпусының ауа бұруға арналған штуцері бар, суды басу бағыты - жоғары						
K = суық суға арналған орындалым						
KU = суық суға арналған орындалым, клеммалық қорап көбікті толтырылыммен толтырылған						

Мысалы	SOLAR	15	-65	130
Типтік қатар				
Сорып алатын және қысымды келте құбырдың номиналды диаметрі (DN), [мм]				
Мейлінше жоғары қысым [дм]				
Монтаждау ұзындығы [дм]				

5. Орау және жылжыту

5.1 Орау

Құрылғыны алу барысында тасымалдау кезінде алынған ақаулардың болуына орау мен құрылғының өзін тексеріңіз. Орауды тастар алдында оның ішінде құжат немесе ұсақ бөлшектер қалып қоймағандығын мұқият тексеріңіз. Егер алынған құрылғы сіздің тапсырысыңызға сәйкес келмесе, жабдықты жеткізушіге жүгініңіз. Егер құрылғы тасымалдау барысында ақауланған болса, тасымалдау компаниясымен байланысыңыз немесе жабдықты жеткізушіге хабарлаңыз. Жеткізуші мүмкін ақауларды қарау құқығының мүмкіндігін өзіне қалдырады.

5.2 Жылжыту



Назар
аударыңыз

Ескертпе

Қолмен жүзеге асырылатын көтеру және тиеу-түсіру жұмыстарына қатысты жергілікті нормалары мен ережелеріне шектеу қажет болады.

Құрылғыны тұтыну кабелінен көтеруге рұқсат етілмейді.

6. Қолдану аясы

Шойын, тот баспайтын болат немесе композиттен жасалған қорпұсты UP (S, SD,SO)/SOLAR айналма сорғылары (сорғы типіне байланысты) ыстық сумен қамтамасыз ету жүйелерінде, ауаны салқындату және желдету жүйелерінде айналымға арналған ашық және жабық типтегі жылыту жүйелеріндегі жұмыстарға арналған.

Типтеріне байланысты UP (S, SD,SO)/SOLAR айналма сорғылары келесі типтегі сұйықтықтармен жұмысы үшін әр түрлі орындалымына қолжетімді:

- таза, тұтқыр емес, қатты қоспаларсыз немесе талшықсыз агрессивті емес және қопарылысқа қауіпсіз сұйықтық;
- минералды майларсыз салқындатылған сұйықтықтар;
- м.ж. 5° Ж, м.ж 60 °С қаттылықтағы тұрмыстық ыстық су;
- жұмсартылған су.

Судың кинематикалық тұтқырлығы 20 °С барысында $\nu = 1 \text{ мм}^2/\text{с}$ (1 сСт).

Егер қажет болса, суда (50% ауқымды) этилен немесе пропиленгликоль ерітінділерін қолдануға болады, алайда сорғының жұмыс сипаттамалары ерітіндінің тұтқырлығын арттыруымен туындатылған сорғының жұмыс сипаттамаларын төмендетуге болады. Басқа сұйықтықтарды сорғымен айдап қотару мүмкіншілігін анықтау үшін, жабдықты жеткізушіге жүгініңіз.



Ескертпе

Сорғыларды дизельді отын және бензин сияқты жанғыш сұйықтықтарды аударып қотару үшін қолдануға рұқсат етілмейді.



Ескертпе

Сорғыларды қышқылдар және теңіз суы сияқты агрессивті сұйықтықтарды аударып қотару үшін қолдануға рұқсат етілмейді.



Ескертпе

Ыстық сумен қамтамасыз ету жүйелерінде Legionella пайда болуының алдын алу үшін, аударып қотару сұйықтығының температурасы үнемі 50 °С болуы керек.

Қазандықтың ұсынылатын қыздыру температурасы: 60 °С.



Ескертпе

Сорғыны ауыз сумен жабдықтау жүйелерінде қолдануға рұқсат етілмейді.

7. Қолданылу қағидаты

UP (S, SD,SO)/SOLAR сорғыларының жұмыс қағидаттары шығысқа кіріс келте құбырынан жылжыған сұйықтық қысымын арттыруға негізделген. Қысымды артыру білік арқылы роторға электр қозғалтқышы статорының айналмасынан электрлі магниттік беріліс жолымен болады. Сұйықтық сорғының кіріс келте құбырынан жұмыс дөңгелегінің орталығына және ары қарай қалақша түбіне ағады. Сыртқа тебуші күштер әсерінен сұйықтық артады, сәйкесінше шығыс келте құбырында қысым түзетін кинетикалық энергия көбейеді. Сорғы корпусы сұйықтықтың жұмыс дөңгелегінен сорғының шығыс келте құбырына қарай бағытында жиналатындай етіп құрылымдалған.

а) UPS A (Airlektrik) айналма сорғылары - айналма сорғысы мен ауа айырғышының қиыстырылуы. Ауасы бар аударып қотару сұйықтығы шүмек арқылы айырғыш камерасына бағытталады. Шүмекте сұйықтық қатты бұралып, кейін камераның жоғарғы бөлігінен қысымның құлауын туындататын кеңейтілген камераға түседі. Төмен жылдамдықты сұйықтығымен үйлесіндегі қысымның төмендеуі ауа бөлінісіне алып келеді. Төмен тығыздықтың арқасында ауа автоматты ауа бөлгіштің көмегімен жойылады.

8. Құрастыру

Монтаждау бойынша қосымша ақпарат Қысқаша Нұсқаулықта (Quick Guide) көрсетіледі. UP (S, SD,SO)/SOLAR айналма сорғылары аударылып кету, құлау немесе қажетсіз жылыту қаупінсіз оны қолдануды қамтамасыз ету үшін, пайдалану орнында сенімді бекітілуі керек. Сорғы үнемі электр қозғалтқышының білігі көлденең күйде тұратындай етіп орналастырылуы керек.

Назар
аударыңыз

Сорғы тек үй-жайда орнатылым үшін қажет.

Сорғы бөлігіндегі бүірдегі немесе бүйір жағындағы нұсқарлар сорғы арқылы ағын барысының бағытын көрсетеді.

UP (S, SD,SO)/SOLAR айналма сорғылары келте құбырлармен бағытталған тік күйінде, сонымен қатар көлденең күйінде орнатылуы керек, мұнда қозғалтқыш білігі көлденең орналасуы керек.

Назар
аударыңыз

Сұйықтықтың төмен ағуы барысында тік орналасқан құбыр жетегінің сорғысында автоматты ауа бұрғыш орнатылуы керек.

Сорғының екі жағынан да ысырма орнату ұсынылады. Егер бұл мүмкін болса, құбырда иін, ұшайырлар немесе сорғыға дейін немесе кейін басқа ұқсас тармақтану орнатпаңыз. Сорғы мен сорғыға термикальқ және механикалық әсерді төмендетуге арналған санитарлы техникалық бекіткішке тиесілі қосымша бекітпелермен қамтамасыз етіңіз.

Орнатуға қойылатын талаптар:

1. Сорғыны орнатар алдында жүйені толық тазартыңыз және жуыңыз.
2. Сорғыны лай мен тұнба жиналып қалуы мүмкін болатын жүйенің ең төменгі нүктесіне орнатпаңыз.
3. Ауа бұрғышты бөлінген ауаны бұру үшін жүйенің жоғарғы нүктесіне (нүктелеріне) орнатыңыз.
4. Орнату барысында клеммалық қорапқа су (немесе конденсат) түсіп кетпеуіне көз жеткізіңіз.
5. Ашық жүйе: сорғыны беру желісіне орнатыңыз; сорғының сорып алатын келте құбыры сумен толтырылуы керек. Статистикалық қысым бойынша талаптарға қол жеткізілгендігіне көз жеткізіңіз (14. *Техникалық талаптар* бөлімін қараңыз).
6. Жабық жүйе: сақтандырғыш клапанды температура мен қысым тербелісінен қорғау үшін орнатыңыз.
7. Егер суда ерітінді бөлшектерінің құрамы арттырылған болса, кезеңдік тазартуды талап ететін стационарлы және/немесе алмастырылатын сүзгі орнату ұсынылады.
8. ЖҮЙЕ АУДАРЫП ҚОТАРУ СҰЙЫҚТЫҒЫНА ТОЛТЫРЫЛҒАНША СОРҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСПАҢЫЗ.
9. Егер барлық бөлімдер сақталған болса, сорғыны іске қосыңыз.

Клеммалы қорап күйі

Егер клеммалық қорап күйін өзгерту қажет болса, мұны соңғы орнатылымға дейін жүзеге асырған жақсы. Алайда егер сорғы орнатылып қойған болса, сорғының электр қорегі ажыратылғандығына және бекіткіш клапандар орнатылу бұрандасына жою басына дейін жабылғанын тексеру керек.

Клеммалық қорап күйін алмастыру үшін мыналар қажет:

1. Төрт (4) орнатылым бұрандасын (4 немесе 5 мм бұранда бұрағышымен) қозғалтқыш статорын ұстай отырып бұрап босату.
2. Статорды сорғының гидравликалық бөлігінің корпусынан ақырын бөлу және статорды клеммалық қораптың дұрыс күйіне бұру.
3. Орнатылым бұрандасын қою және оларды диагоналі бойымен және тұрақты сәтімен тартыңыз (5 Н*м).
4. Жұмыс дөңгелегінің еркін бұралатындығын анықтау. Егер жұмыс дөңгелегі еркін бұралмаса, сорғыны бөлшектеу/жинау үдерісін қайталаңыз.

9. Электр жабдықты қосу

Жабдықты монтаждау бойынша қосымша ақпарат Қысқаша Нұсқаулықта (Quick Guide) келтірілген.



Электр жабдығын қосу жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес маман-электрикпен ғана орындалуы керек.



Сақтық мақсаттарымен сорғы жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жерге тұйықталуы керек. Жерге тұйықталу сымы көлемі ең болмағанда қорек сорғысының тізбек желісінің өлшемі бойына тең болатын мыс өткізгіштен жасалуы керек.

Номиналды кернеуі мен басқа да электрлі параметрлері электр қозғалтқышының қақпағында жапсырылған фирмалық тақтада көрсетілген. Сорғының үлгісіне байланысты электр қозғалтқышы келтірілген автоматты жылу қорғанышы немесе толық қорғаныш кедергісімен жабдықталған және кез-келген уақытта қосымша сыртқы қорғанышты орнатуды талап етпейді.

Сымның көлемі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес амперлерде мүмкін болатын ток жүктемелеріне қатысты болуы керек. Электр қорегінің және жерге тұйықтаудың кабелі кем дегенде 90 °С температурасын ұстауы қажет.

Жерге тұйықталу кабелі мысты өзекті болуы керек.

Кабелдің көлемі ең кем дегенде қоректік электр кабелімен сәйкес келуі керек.

UP (S, SD, SO)/SOLAR сорғылары электр қорегіне тікелей жалғануы тиіс.

Бір фазалы қозғалтқыштар үшін ажыратқыш қосылым 3-қосымшаға сәйкес үш фазалық үшін Қысқаша Нұсқаулыққа (Quick Guide) сәйкес орындалуы керек.

10. Пайдалануға беру

Назар
аударыңыз

Жүйе аударып қотару сұйықтығына толтырылмайынша, сорғыны пайдалануға енгізбеңіз.

UP (S, SD,SO)/SOLAR сорғыларды іске қосу үшін желілік ажыратқышты «Қосулы» күйіне ауыстыру қажет.

Сорғыларды іске қосу барысында электр қозғалтқышының бұрандалы тығынын жою үшін, қорғаныш гильзасының желдеткішінің гильзасын қамтамасыз ету керек. Қысқа уақыттар ішінде қалып қойған ауа толық білік арқылы гидрожүйеге ығыстырылады.

11. Пайдалану

Назар
аударыңыз

*Сорғыны барлық жүйеден ауа жойылуы үшін қолданбаңыз.
Жұмыс сұйықтығымен толтырылмаған сорғыны пайдалануға болмайды.*

Дұрыс орнатылып таңдалған тұрмыстық қолданыстың Grundfos айналма сорғылары ұзақ уақыттар бойы тыныш және нәтижелі жұмыс істейтін болады.

Сорғы өзінің қызметтік мерзімі ішінде кезеңдік диагностиканы талап етпейді.

Сорғының ұзақ уақыттар бойы жүйеде сусыз немесе кірісте, мейлінше төмен қысымынсыз жұмысына рұқсат етілмейді (14. *Техникалық сипаттамалар* қараңыз).

Атаулы деректерді сақтамау өзімен қозғалтқыш және сорғының ақаулануына тартуы мүмкін.

Режимдерді баптау

Үлгісіне байланысты сорғы әр түрлі жылдамдықта жұмыс істей алады (1-кестені қараңыз).

Сорғыны орнату үшін, қажетті күйіне ауыстырғышты орнатыңыз (4-*қосымша*).

1-кестен.

Сорғы типі	Жылдамдық көлемі
UP	I – тұрақты жылдамдық
UP (S, SD, SO)	I – м.т. жылдамдық
	II – орташа жылдамдық
	III – м.ж. жылдамдық
SOLAR	I – м.т. жылдамдық
	II – м.ж. жылдамдық

UPSD сорғыларының жұмыс режимдерін баптау ерекшеліктері:

Сорғыларды желіге қосу барысында қалып бойынша екі сорғы бір-біріне тәуелсіз түрде автономды режимде пайдаланылады, сонымен қатар екі клеммалық қорапта бірдей жылдамдық қояды.

UPSD сорғыларын кезектесіп немесе қосымша тәртіпте пайдалану үшін, қосымша клемма қалыбын сатып алу қажет. Толығырақ ақпарат алу үшін Grundfos ресми өкілдігіне немесе www.grundfos.ru сайтына хабарласыңыз.

12. Техникалық қызмет көрсету

Сорғының техникалық қызмет көрсетулері қарастыруы керек: электр кабелі мен электр негізінің тұтастығына 3 ай ішінде бір рет тексеру. Сонымен қатар сол реттіліктен сорғы/сорғылар кіру және шығу келте құбырлары қосылымының тұтастығын тексеру керек.

13. Істен шығару

UP (S, SD,SO)/SOLAR сорғыларын пайдаланудан шығару үшін, желілік ажыратқышты «Ажыратулы» күйіне ауыстыру керек.



Желілік ажыратқышқа дейін орнатылған барлық электр желілері үнемі кернеу астында болады. Сондықтан жабдықтың кездейсоқ немесе рұқсат етілмеген қосылымының алдын алу үшін, желілік ажыратқышты блоктап қою керек.

14. Техникалық сипаттамалар

UP (S, SD,SO)/SOLAR сорғыларын мейлінше жоғары шығынды-қысым *5-қосымшада* келтірілген.

Аударып қотару сұйықтығының температурасы

Аударып қотару сұйықтығының температурасы UP (S, SD,SO) және SOLAR типіндегі басым көп айналма сорғылары түріне байланысты $-25\text{ }^{\circ}\text{C}$ -ден $+110\text{ }^{\circ}\text{C}$ дейін өзгереді.

Нақты бұйымның аударып қотару сұйықтығының температурасы фирмалық тақтада көрсетілген.

Қоршаған орта температурасы мен сұйықтық температурасы

Стандартты сорғылардың қоршаған ортасының температурасы $+2\text{ }^{\circ}\text{C}$ сұйықтығының мейлінше төмен мүмкіндік температурасы сұйықтық температурасынан үнемі төмен болуы керек, кері жағдайда статор корпусында конденсат түзілуі мүмкін.

Жүйенің максималды қысымы

(PN 10) қосылымды сорғылары: 1,0 МПа (10 бар).

(PN 6/10) ернемекті сорғылары: 0,6/1,0 МПа (6/10 бар).

Grundfos ернемекті сорғылары: 1,0 МПа (10 бар).

Кірістегі қысым

Сорғы мойынтіректерінің кавитациялық шуылын және ақауының туындауын болдырмау үшін 2-кестеге сәйкес сорып алатын келте құбырда қысымның мейлінше төмен мәні қамтамасыз етілуі керек.

2-кесте.

Сорып алатын келте құбырға қажетті мейлінше төмен қысым			
Сұйықтық температурасы	85 °C	95 °C	110 °C
Қысым	0,5 м	2,8 м	11,0 м
Шығыстағы қысым	0,049 бар	0,27 бар	1,08 бар

Жабық жүйеде қысым астында кірістегі талап етілген қысым - бұл жүйедегі мейлінше төмен қысым.

Ашық жүйелерде шығыста талап етілетін қысым - қайнарда (сиымдылық, бассейн және т.б.) судың мейлінше төмен деңгейіне қатысы бойынша төменгі сорғы орнатылуы қажет болатын мейлінше төмен ара қашықтық.

Қорек көрнеуі 1 x 220 - 240 В, 50 Гц,

3 x 400 - 415 В, 50 Гц,

3 x 220 - 240 В, 50 Гц.

Оқшаулау сыныбы F/Н.

IP42, IP44, IP54, IPX2D, IPX4D (нақты сорғының қорғау дәрежелері оның фирмалық тақтасында көрсетілген).

Ауаның м.ж. қатысты жылдамдығы 95%.

Шуыл деңгейі < 43 дБ (А).

Аса нақты ақпаратты сәйкес өнім бойынша техникалық каталогтардан табуға болады.

15. Ақаулықтың алдын алу және жою

3-кесте.

Ақау	Причина	Ақауларды жою
1. Радиатордағы шуыл.	1.1 Термостатикалық вентиль арқылы өтетін жылу тасымалдағыштың артық қысымы.	Реттейтін сорғыны орнату керек. Жүйедегі қысым шығынның төмендеуі барысында азаятын болады.
	2.1 Электр қозғалтқышы кері жағына айналады.	Үш фазалы сорғылар үшін - орындарда екі фазаны ауыстыру.
	2.2 Сорғы қате жөнделген.	Сорғыны 180 градусқа бұру.
2. Сорғы өте төмен немесе нөлдік өндірімділікпен жұмыс істейді.	2.3 Жұмыс деңгелегі ластанған.	Сорғыны ашып жұмыс деңгелегін тазарту керек. МАҢЫЗДЫ: Вентильді жабу.
	2.4 Сорып алатын келте құбыр блокталған.	Сорғыны ашу, келте құбыр мен корпусты тазарту. МАҢЫЗДЫ: Ысырмаларды сорғы дейін және кейін жабу!
	2.5 Вентиль жабық.	Вентильді ашу.
	2.6 Сорғыдағы ауа.	Сорғыны ажырату. Жүйеден ауаны жоюды қамтамасыз ету.
	2.7 Сорғы мейлінше төмен жылдамдықта жұмыс істейді.	Сорғыны аса жоғары жұмыс жылдамдығына ауыстыру керек.
	2.8 Сүзгі сорғының кірісінде бітелген.	Сүзгіні тазарту.

Ақау	Причина	Ақауларды жою
3. Сорғы тоқтап қалды, қорегі жоқ.	3.1 Электр қорегінің жүйесіндегі ақау.	Қорек қайнарын тексеру. Қажеттілігі жағдайында қоректің сыртқы ауыстырып қосқышын орнату керек.
	3.2 Сақтандырғыш балқып кеткен.	Қысқартылған сымды алмастыру. Жарамсыз байланысты жөндеу. Сақтандырғыштың номиналын тексеру. Электр қозғалтқышы мен сым жетегін тексеру.
	3.3 Сорғы қорғанышы іске қосылды.	Блокталған немесе баяу айналатын сорғыны тазарту. Электр қозғалтқышының номиналды тоғын өлшеу. Қорек желісіндегі қысым болуын тексеру. Ақаулы сорғыны алмастыру.
4. Сорғы жұмысын тоқтатты, қорегі жоқ.	4.1 Термоажыратқыш іске қосылды.	Жұмыс сұйықтығының температурасы диапазонның белгілі бір техникалық сипаттамаларында тұрғандығын тексеру керек. Блокталған немесе баяу айналатын сорғыны тазарту керек.
	4.2 Сорғы іске қосылмайды.	Сорғыны блоктан ашу. Сорғыны тазарту. Сорғының айналым жиілігін арттыру. Конденсаторын алмастыру. Қорек желісінің кернеуінің болуын тексеру. Ақаулы сорғыны алмастыру.

Ақау	Причина	Ақауларды жою
5. Жүйедегі, термостатикалық вентильдердегі/ құбырлардағы шуыл.	5.1 Сорғы өндірімділігі тым жоғары.	Сорғы жұмысының жылдамдығын төмендету. Гидравликалық өлшемдер теңгерілімін жүргізу. Сорғы/жүйе жұмысының өлшемдерінің есебін тексеру. Сорғыны баптау. Жүйені тексеру. Сорғыны алмастыру.
	6.1 Сорғыдағы ауа.	Сорғыдан ауаны жою. Сорғыдан ауаны жою және оны толтыру. Кеңейтілу бағын тексеру. Ауа айырғышын орнату.
6. Сорғы жұмысы барысындағы шуыл.	6.2 Кавитациялық шуыл.	Жүйедегі қысымды тексеру, жеткіліксіз қысым барысында сіңіруді жүргізу.
	6.3 Жаңғырықты шуыл.	Сорғының негізін бекіту. Вибродірілді орнату. Сорғының жұмыс жылдамдығын реттеу. Сорғыны ауыстыру.
	6.4 Сорғылар/клапандарда басқа денелердің тарсылы.	Жұмыс деңгелегін тазарту. Кері клапанды ауыстыру. Клапандардағы қысымды реттеу. Клапандардағы серіппені реттеу. Клапанды өзінің білігі айналасында бұру. Сорғыны ауыстыру.

16. Бұйымды кәдеге жарату

Шекті күйдің негізгі өлшемдері болып табылатындар:

1. жөндеу немесе ауыстыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктердің істен шығуы;
2. пайдаланудың экономикалық тиімсіздігіне алып келетін жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге шығындардың ұлғаюы.

Аталған құрылғы, сонымен қатар, тораптармен бөлшектер экология саласында жергілікті заңнамалық талаптарға сәйкес жиналуы және кәдеге жаратылуы тиіс.

17. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Дайындаушы: «GRUNDFOS Holding A/S концерні,
Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro, Дания*

* нақты дайындалу елі фирмалық тақташасында көрсетілген.

Уәкілетті дайындаушы тұлға/Импорттаушы**: «Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободское е/м., Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы: Грундфос Қазақстан ЖШС
Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.

** импорттық жабдықтарға қатысты көрсетілген.


Ресейде дайындалған жабдық үшін: Дайындаушы: «Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободское е/м., Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы: Грундфос Қазақстан ЖШС
Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.

Жабдықтың қызмет мерзімі 10 жылды құрайды.


Техникалық өзгерістер болуы мүмкін.

Приложение 1.



TM03 1650 2505

Рис. 1 Разрез трехфазного насоса UP



TM03 1651 2505

Рис. 2 Разрез однофазного насоса UP, насоса типа SOLAR




Рис. 3 Разрез насоса UPS, модели UPS 25-120

TM03 1652 2505




Рис. 4 Разрез насоса UPS, модели UPS xx-100




Рис. 5 Исполнение насоса UPS A с воздухоотделителем

TM00 8 966 4 296

Поз.	Наименование
	Клеммная коробка
1	• Крышка клеммной коробки • Электрическая часть (только для однофазных насосов)
2	Радиальный подшипник
3	Фирменная табличка
5	Корпус статора Крышка обмоток статора
6	Винт воздушного клапана
7, 10	Уплотнение
9	Ротор
11	Вал в сборе
12	Упорный подшипник • Уплотнение подшипника
13	Фланец подшипника
14	Обратный клапан
15	Усеченный конус
16	Рабочее колесо
17	Кольцо
18	Корпус насоса
19-20	Корпус обратного клапана


Айқ.	Атауы
	Клеммалық қорап
1	• Клеммалық қорабының қақпағы • Электр бөлшегі (тек қана бірфазалық сорғыларға)
2	Радиал мойынтірегі
3	Фирмалық кестесі
5	Статор корпусы Орау статордың қақпағы
6	Ауа клапанының бұрамасы
7, 10	Тығыздауыш
9	Ротор
11	Білік жиналынды
12	Қажырлы мойынтірег • Мойынтірег тығыздауышы
13	Мойынтірег фланеці
14	Кері клапан
15	Кескі шошақ
16	Жұмыс дөңгелегі
17	Будақ
18	Сорғы корпусы
19-20	Кері клапанының корпусы


Приложение 2.
UP/UPS/UPSD






UPS0





- 1 – условное типовое обозначение насоса (смотрите типовое обозначение);
 - 2 – напряжение, частота электропитания;
 - 3 – параметры конденсатора;
 - 4 – номинальный ток на разных скоростях I_{1n} [A];
 - 5 – максимальная потребляемая мощность на разных скоростях P_1 [Вт];
 - 6 – номер продукта;
 - 7 – код производства (первые 4 цифры – год и неделя производства);
 - 8 – страна изготовления;
 - 9 – знаки соответствия;
 - 10 – степень защиты;
 - 11 – температурный класс;
 - 12 – класс изоляции;
 - 13 – максимальное давление в системе [бар/МПа];
 - 14 – направление вращения;
 - 15 – монтажная длина;
 - 16 – максимальная температура перекачиваемой жидкости;
 - 17 – макс. потребляемая мощность [Вт];
 - 18 – расход, [м³/час];
 - 19 – напор на разных скоростях [м].
- 1 – шартты типті сорғының белгілеуі (типті мәнін қараңыз);
 - 2 – кернеу, электр қуат көзінің жиілігі;
 - 3 – конденсатор параметрлері;
 - 4 – әр түрлі жылдамтықтағы атаулы ток I_{1n} [A];
 - 5 – әр түрлі жылдамтықтағы максималды жұмсатын қуат P_1 [Вт];
 - 6 – өнім нөмірі;
 - 7 – өндіру коды (бірінші 4 сандар – өндіру жылы және аптасы);
 - 8 – дайындау елі;
 - 9 – сәйкестік таңбалары;
 - 10 – қорғау деңгейі;
 - 11 – температура классы;
 - 12 – айналу бағыты;
 - 13 – системадағы максималды қысым [бар/МПа];
 - 14 – айналу бағыты;
 - 15 – монтажды ұзындығы;
 - 16 – ауыстырып құятын сұйықтықтың максималды температурасы;
 - 17 – максималды тұтынылатын қуаты [Вт];
 - 18 – шығыс, [м³/час];
 - 19 – әр түрлі жылдамдықтағы күші [м].

Приложение 3.



Приложение 4.



Приложение 5.

Насос	Монтажная длина, [мм]	Макс. подача, [м ³ /ч]	Макс. напор, [м]	
UPS 21-40 F	1x230 В, 50 Гц	120	2,9	3,7
UPS 21-50 F	1x230 В, 50 Гц	120	3,3	4,7
UPS 21-60 F	1x230 В, 50 Гц	120	3,3	5,7
UPS 15-20	1x230 В, 50 Гц	130	2,0	2,0
UPS 15-30	1x230 В, 50 Гц	130	2,4	3,0
UPS 15-40	1x230 В, 50 Гц	130	2,9	3,7
UPS 15-50	1x230 В, 50 Гц	130	3,3	4,7
UPS 15-60	1x230 В, 50 Гц	130	3,3	5,7
UPSО 20-30	1x230 В, 50 Гц	130	2,7	3,1
UPS/UPSО 20-40	1x230 В, 50 Гц	130	2,9	3,7
UPS/UPSО 20-50	1x230 В, 50 Гц	130	3,3	4,7
UPSО 20-55	1x230 В, 50 Гц	130	3,2	5,5
UPS/UPSО 20-60	1x230 В, 50 Гц	130	3,3	5,7
UPSО 20-65	1x230 В, 50 Гц	130	4,7	6,5
UPS 25-20 (A)	1x230 В, 50 Гц	130/160/180	2,0	2,0
UPSО 25-30	1x230 В, 50 Гц	130/180	2,7	3,0
UPS/UPSО 25-40 (A, N)	1x230 В, 50 Гц	130/160/180	2,9	3,7
UPS/UPSО 25-50	1x230 В, 50 Гц	130/160/180	3,3	4,7
UPS/UPSО 25-60	1x230 В, 50 Гц	130	3,3	5,7
UPSО 25-55	1x230 В, 50 Гц	130/180	3,0	5,5
UPSО 25-65	1x230 В, 50 Гц	130/180	4,7	6,5
UPS 25-70	1x230 В, 50 Гц	130/180	4,3	7,0
UPS 25-25	1x230 В, 50 Гц	130/180	4,6	1,8
UPS/UPSО 25-30 (A)	1x230 В, 50 Гц	130/180	2,4	3,0
UPS/UPSО 25-55	1x230 В, 50 Гц	130/180	5,5	4,7
UPS/UPSО 25-60 (N, K)	1x230 В, 50 Гц	130/180	4,3	5,5

Насос	Монтажная длина, [мм]	Макс. подача, [м ³ /ч]	Макс. напор, [м]
UPS 25-80 (N)	1x230 В, 50 Гц	8,0	7,5
UPS 25-100	1x230 В, 50 Гц	11,0	10,0
UPS 25-120	1x230 В, 50 Гц	3,4	12,0
UPS 25-125	1x230 В, 50 Гц	3,8	13,0
UPS 25-50	3x220 В, 50 Гц	4,0	5,0
UPS 25-20	3x400 В, 50 Гц	2,4	2,0
UPS 25-40	3x400 В, 50 Гц	3,8	4,3
UPS 25-50	3x400 В, 50 Гц	4,3	5,5
UPS 25-50	3x220 В, 50 Гц	4,0	5,0
UPS 25-20	3x400 В, 50 Гц	2,4	2,0
UPS 25-40	3x400 В, 50 Гц	3,7	4,2
UPS 25-60 (N, NK)	3x400 В, 50 Гц	5,0	6,0
UPS 32-20	1x230 В, 50 Гц	2,0	2,0
UPS 32-25	1x230 В, 50 Гц	6,0	1,9
UPS 32-30	1x230 В, 50 Гц	2,4	3,0
UPS/UPSО 32-40	1x230 В, 50 Гц	2,9	3,7
UPS/UPSО 32-50	1x230 В, 50 Гц	3,2	4,7
UPS/UPSО 32-55 (N)	1x230 В, 50 Гц	8,0	5,0
UPS/UPSО 32-60	1x230 В, 50 Гц	4,3	5,5
UPSО 32-65	1x230 В, 50 Гц	4,6	6,6
UPS/UPSО 32-70	1x230 В, 50 Гц	4,3	7,0
UPS 32-80 (N)	1x230 В, 50 Гц	11,0	7,5
UPS 32-100 (N)	1x230 В, 50 Гц	13,5	10,0
UPS 32-20	3x400 В, 50 Гц	2,4	2,0
UPS 32-40	3x400 В, 50 Гц	3,7	4,2
UPS 32-50	3x400 В, 50 Гц	4,4	5,5
UPS 32-60	3x400 В, 50 Гц	5,0	6,0
UPS 36-20 F	1x230 В, 50 Гц	6,2	1,8
UPS 36-50 F	1x230 В, 50 Гц	8,0	5,0

Насос		Монтажная длина, [мм]	Макс. подача, [м³/ч]	Макс. напор, [м]
UPS 36-80 F	1x230 В, 50 Гц	200	11,0	7,5
UPS 32-50 F	1x230 В, 50 Гц	220	8,0	5,0
UPS 32-80 F	1x230 В, 50 Гц	220	11,0	7,5
UPS 32-100 F	1x230 В, 50 Гц	220	14,0	10,0
UPS 40-50 F (N)	1x230 В, 50 Гц	250	8,0	5,0
UPS 40-80 F (N)	1x230 В, 50 Гц	250	11,0	7,5
UPS 40-100 F	1x230 В, 50 Гц	250	14,5	10,0
UPS 25-60 A	1x230 В, 50 Гц	180	3,3	5,7
UPSD 32-50	1x230 В, 50 Гц	180	7,5	5,0
UPSD 32-80 (N)	1x230 В, 50 Гц	180	10,2	7,5
UPSD 32-50 F	1x230 В, 50 Гц	220	7,5	5,0
UPSD 32-80 F	1x230 В, 50 Гц	220	10,2	7,5
UPSD 32-100 F	1x230 В, 50 Гц	220	14	10,0
UPSD 40-50 F	1x230 В, 50 Гц	250	7,5	5,0
UPSD 40-80 F	1x230 В, 50 Гц	250	10,2	7,5
UPSD 40-100 F	1x230 В, 50 Гц	250	13	10,0
UPS 20-60 N	1x230 В, 50 Гц	150	3,7	6,0
UPS 25-55 N	1x230 В, 50 Гц	180	5,5	4,8
UPS 15-50 N	1x230 В, 50 Гц	130	3,2	4,7
UPS 21-60 FK	1x230 В, 50 Гц	120	4,3	6,0
UPS 20-40 K	1x230 В, 50 Гц	130	3,7	4,3
UPS 25-40 K	1x230 В, 50 Гц	180	3,7	4,3
UPS 25-50 K	1x230 В, 50 Гц	180	4,2	5,0
UPS 20-60 NK	1x230 В, 50 Гц	150	3,7	6,0
SOLAR 25-40	1x230 В, 50 Гц	180	3,6	4,0
SOLAR 15-45	1x230 В, 50 Гц	130/180	1,7	4,5
SOLAR 25-45	1x230 В, 50 Гц	130/180	1,7	4,5

Насос	Монтажная длина, [мм]	Макс. подача, [м³/ч]	Макс. напор, [м]	
SOLAR 15-65	1x230 В, 50 Гц	130	1,7	6,5
SOLAR 25-65	1x230 В, 50 Гц	130/180	1,7	6,5
SOLAR 15-60	1x230 В, 50 Гц	130	4,5	6
SOLAR 25-60	1x230 В, 50 Гц	180	4,6	6,0
SOLAR 15-80	1x230 В, 50 Гц	130	2,0	8,0
SOLAR 25-120	1x230 В, 50 Гц	180	3,6	12,0
UPSO 15-30	1x230 В, 50 Гц	130	2,7	3,0
UPSO 15-40	1x230 В, 50 Гц	130	3,3	4,0
UPSO 15-50	1x230 В, 50 Гц	130	3,4	5,1
UPSO 15-55	1x230 В, 50 Гц	130	3,7	5,7
UPSO 15-60	1x230 В, 50 Гц	130	4,0	6,0
UPSO 15-65	1x230 В, 50 Гц	130	4,7	6,5
UPSO 15-70	1x230 В, 50 Гц	130	4,4	7
UPSO 20-70	1x230 В, 50 Гц	130	4,4	7
UPSO 25-70	1x230 В, 50 Гц	130/180	4,4	7
UP 20-07 N	1x230 В, 50 Гц	150	1,9	0,7
UP 20-15 N	1x230 В, 50 Гц	150	2,1	1,2
UP 20-30 (N,NK)	1x230 В, 50 Гц	150	2,9	3,0
UP 20-45 N	1x230 В, 50 Гц	150	3,4	4,5
UP 20-30 N	3x220 В, 50 Гц	150	2,5	3,0
UP 20-15 N	3x400 В, 50 Гц	150	2,2	1,4
UP 20-30 N	3x400 В, 50 Гц	150	2,6	3,2
UP 25-40 KU	1x230 В, 50 Гц	180	3,8	4,2
UP 25-50 KU	1x230 В, 50 Гц	180	4,2	5,0
UP 25-60 KU	1x230 В, 50 Гц	180	5,0	6,0

RU

Циркуляционные насосы UP, UPS, UPSD, UPSO, SOLAR сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:

№ ТС RU С-ДК.АИ30.В.00651, срок действия до 01.04.2019 г.

**KZ**

UP, UPS, UPSD, UPSO, SOLAR айналмалы сорғы «Машиналар мен құрылғылардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011), «Төменвольтты жабдық қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Техникалық құралдардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011) Кеден одағының техникалық регламенттеріне сәйкес сертификатталды.

Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU С-ДК.АИ30.В.00651 жарамдылық мерзімі 01.04.2019 жылға дейін.

Истра, 2 апреля 2014 г.

Касаткина В. В.

Руководитель отдела качества,
экологии и охраны труда
ООО Грундфос Истра, Россия
143581, Московская область,
Истринский район,
дер. Лешково, д.188

Российская Федерация

ООО «Грундфос»
111024, Москва,
Ул. Авиамоторная, д. 10,
корп.2, 10 этаж, офис XXV.
Бизнес-центр «Авиаплаза»
Тел.: (+7) 495 564-88-00,
737-30-00
Факс: (+7) 495 564 88 11
E-mail:
grundfos.moscow@grundfos.com

Республика Беларусь

Филиал ООО Грундфос в Минске
220125, г. Минск,
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,
БЦ «Порт»
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73
Факс: +7 (375 17) 286-39-71
E-mail: minsk@grundfos.com

Республика Казахстан

Грундфос Казахстан ЖШС
Қазақстан Республикасы, КЗ-
050010 Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы,
Қыз-Жібек көшесі, 7
Тел: (+7) 727 227-98-54
Факс: (+7) 727 239-65-70
E-mail:
kazakhstan@grundfos.com

98779465 0915

ECM: 1167172

www.grundfos.com

GRUNDFOS 

TM.by
ONLINE STORE

<https://tm.by>
Интернет-магазин TM.by